

Жоба тақырыбының атауы: ИРН №АР09260956 «Аграрлық саладағы зерттеу университетінде қашықтан оқыту жағдайындағы оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері»

Өзектілігі: Қашықтықтан білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға байланысты оқытушылық қызметте елеулі өзгерістер болып отыр. Егер дәстүрлі білім беруде мұғалім материалды түсіндіруге көп уақыт бөлсе, енді мұғалім:

1. Курстың мазмұнын жаңа технологиялық негізде әзірлеу.
2. Студентке кең және әртүрлі оқу ақпаратына бағдар беруге және оған лайықты білім траекториясын табуға көмектесу.
3. Курс мәселелерін талқылау барысында мұғаліммен де, басқа студенттермен де белсенді қарым-қатынасын қамтамасыз ету.

Оқытушылық қызметтің осы негізгі түрлерінің әрқайсысына ерекше мәселелер тән. Осылайша, жаңа технологиялар базасында курстар әзірлеу оқу пәнін, оның мазмұнын еркін меңгеруді ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар саласында арнайы білімді де талап етеді. Сондықтан, оқу үдерісі барысында арнайы педагогикалық ғана емес, сонымен қатар технологиялық дағдылар, заманауи техникалық құралдармен жұмыс істеу тәжірибесі қажет.

Бұл жерде біз қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, аграрлық саладағы зерттеу университетінде оқу үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Біздің модельде біз студенттер мен педагогтардың зерттеу дағдыларын, кәсіптік құзыреттілігін арттыруды көздейміз. Сондай-ақ француздық әріптестердің озық тәжірибесіне талдау жасап, жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне қашықтықтан оқытудың тиімді құралдарын енгізуді жоспарлап отырмыз (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті үлгісінде).

Қашықтықтан оқыту технологиялары қазіргі уақытта инновациялық оқыту әдістемесі емес екенін түсінеміз, бірақта қазіргі таңда пандемия кезінде бүкіл әлемде осы салада туындаған мәселелер мен кемшіліктерді көрсетті. Осыған байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып, ЖОО-да оқытуды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қайта қарау қажеттілігі туындайды.

Жобаның мақсаты АгроПариТехтің озық тәжірибесін қолдана отырып аграрлық саладағы зерттеу университетінде қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқытуды ұйымдастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін қалыптастыру болып табылады (С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті үлгісінде).

Күтілетін нәтижелер:

- 2022 жылы: Оқыту үдерісін ұйымдастыруда қашықтан оқыту технологиясын қолдану әдістемесі даярланды. Аграрлық саладағы зерттеу

университетінде қашықтан оқыту технологияларын пайдалана білім беру үдерісін ұйымдастырудың концептуалдық моделі жасалынды.

Жасалынған жұмыс нәтижелері бойынша рецензияланатын ғылыми журналдарда екі мақалалар шығарылды: Халықаралық Scopus базасында процентиі 56 болатын ғылыми журналда және екінші мақала ҚР Жоғары білім және ғылым саласындағы сапаны қамтасыз ету Комитеті ұсынған басылымда жарияланды.

Зерттеу тобы:

Ғылыми жетекші – **Әбдіров Айтжан Мұхамеджанұлы**, педагогика ғылымдарының докторы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Педагогика ғылымдары Академиясының академигі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

Екінші ғылыми жетекші – **Ташкенбаева Жұлдыз Мұхтарқызы**, PhD, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы.

Бас ғылыми қызметкер - **Муратова Гульжан Клычовна** - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры м. а.

Ғылыми қызметкер – **Коксеген Әлия Ерішқызы** - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы

Ғылыми қызметкер – **Смаилова Лайла Құдайбергенқызы** - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының магистрі, аға оқытушысы.

Ғылыми қызметкер – **Тәжібай Лаззат Каналбайқызы** - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының магистрі, аға оқытушысы

Ғылыми қызметкер – **Айдарбеков Айдие Уланбекұлы** - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ақпараттық–коммуникациялық технологиялар кафедрасының докторанты.

Жоба бойынша жарияланған басылымдар мен патенттердің тізімі: (сілтемелерімен):

1. Z. Tashkenbayeva, A. Abdyrov, G. Muratova, G.Kaltayeva, A.Koxegen, L.Smailova. Scientific and methodological foundations for the organization of the educational process in the conditions of distance learning // «World Journal on Educational Technology: Current Issues» Volume 14, Issue 3, (2022) P.884-896. CiteScore 2021 – 1.9. Процентиль – 56. <https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/7369>

2. А.М. Абдыров, Г.К. Муратова, Ж.М. Ташкенбаева, Л.К. Тәжібай // «АНАЛИЗ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ДИСТАНЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ АГРАРНОГО ПРОФИЛЯ». «Педагогика және психология» №2(51), 2022ж., 248-258 с.

Қолданылушыларға ақпарат: жоба нәтижелері аграрлық саладағы ЖОО-на қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып, білім беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қосымша ақпарат: Аналитикалық ғылыми есептер мен мақалалар, оқу құралдары, нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқаулар және қашықтықтан оқыту технологиясын тәжірибелік ұйымдастыру мұғалімдер, магистранттар мен докторанттар өз зерттеулеріне қолдана алады. Жоба бойынша күтілетін нәтижелер республикада білім беруді жаңғырту жөніндегі Қазақстан Республикасының басымдықтарына сәйкес келеді.